

Бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау жөніндегі кейбір шарлар туралы

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы Директораты 2000 жылғы 12 қазан N 678. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 28 қарашада N 1310 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 117 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарымен сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енеді.

Төраға

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
жөніндегі агенттігі басқармасының
2005 жылғы 26 наурыздағы
N 117 қаулысына Қосымша*

*Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылған
нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық комиссиясы Директоратының "Бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлардың заңмен қорғалатын мүдделерін және құқықтарын қорғау жөніндегі кейбір шаралар туралы" 2000 жылғы 12-қазандағы N 678 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1310 тіркелген, "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналында 2000 жылы жарияланған, N 12)...

Бағалы қағаздар рыногындағы инвесторлардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Z970077_ Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 05

наурыздағы заңы (бұдан әрі "Заң" деп аталады) 10-бабының алтыншы азатжолын және Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 13 қарашадағы N 3755

U973755_ жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы туралы ереженің 4-тармағының 17) тармақшасын орындау үшін, Заңның 34-бабы 9-тармағының, аталған Ереженің 4-тармағы 23) тармақшасының және 5-тармағы 11) тармақшасының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 шілдедегі N 944 P960944_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында Бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу туралы ереженің 41-тармағы в) тармақшасының негізінде Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының (бұдан әрі "Ұлттық комиссия" деп аталады) Директораты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тіркеушінің (ол Заңның 2-бабында айқындалған) ол қызмет көрсететін эмитенттердің мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар эмиссияларының жай-күйіне бақылау жасауды осы эмитенттердің Ұлттық комиссияға бағалы қағаздарын шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есептер беру мерзімдерін дербес есептеу арқылы:

1) эмитенттердің Заңның 24-бабы 1-тармағында белгіленген міндетіне;

2) эмитенттердің бағалы қағаздардың эмиссиясына қатысты ұсынған құжаттарына (бағалы қағаздардың эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерге, бағалы қағаздар эмиссияларының проспектілеріне/шығарылым шарттарына, Ұлттық комиссияның бағалы қағаздардың эмиссияларына ұлттық біріздендіру нөмірлерін беру туралы хаттарына (куәліктеріне) және өзге де ықтимал құжаттарға) сүйене отырып жүзеге асыруға міндетті белгіленсін.

2. Тіркеушінің ол қызмет көрсететін эмитенттерге Ұлттық комиссияға бағалы қағаздарын шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есептер берудің қажеттілігі туралы жазбаша ескертпе жіберуге міндетті екендігі белгіленсін. Аталған жазбаша ескертпе:

1) эмитентке Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Ұлттық комиссияға бағалы қағаздарды шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есепті берудің соңғы күні басталғанға дейін кемінде жиырма күнтізбелік күннен бұрын кешіктірмей жіберілуі керек;

2) жазбаша ескертпенің мазмұнында эмитенттің тіркеушіге Ұлттық комиссияға бағалы қағаздарды шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есепті бергендігін растайтын құжаттарды ұсынуының қажеттілігі туралы жазба болуы керек;

3) жазбаша ескертпенің мазмұнында тіркеуші эмитенттен Ұлттық комиссияға бағалы қағаздарды шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есепті бергендігін растайтын құжаттарды алмаған жағдайда, тіркеушінің осы Қаулының 3-тармағында белгіленген әрекеттерді қолданатындығы туралы жазба

болуы керек. Аталған жазбаны енгізудің орнына жазбаша ескертпеге тиісті сілтеме енгізе отырып жазбаша ескертпеге қосымша ретінде осы Қаулының көшірмесін эмитентке жіберуге жол беріледі.

3. Тіркеуші эмитенттен Ұлттық комиссияға бағалы қағаздарды шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есепті бергендігін растайтын құжаттарды алмаған жағдайда, тіркеушінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Ұлттық комиссияға аталған есепті берудің соңғы күнінен к е й і н г і к ү н і :

1) соттың заңды күшіне енген шешімін орындау жөніндегі; үзінді-көшірмелерге осы бағалы қағаздарды ұстаушылардың дербес шоттары бойынша операциялар жүргізуді тоқтата тұру туралы жазбаны міндетті түрде енгізе отырып бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімінен үзінді-көшірмелер беру жөніндегі операцияларды қоспағанда:

эмитентпен осы бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізуге жасасқан шартты (бұдан әрі "Шарт" деп аталады) қолдануды бағалы қағаздарды ұстаушылардың дербес шоттары бойынша операциялар (оның ішінде бағалы қағаздарды эмитенттің эмиссиялық шотынан бағалы қағаздар ұстаушылардың дербес шотына аудару жөніндегі операциялар) жүргізу бөлігінде тоқтата тұруға;

2) э м и т е н т т і ;

тіркеушінің бас кеңсесінде және филиалдарында осы бағалы қағаздарды ұстаушылар үшін қолайлы орындарда тиісті хабарландырулар орналастыру арқылы осы бағалы қағаздарды ұстаушыларды;

бағалы қағаздардың нақтылы ұстаушыларына жеке хабарлар жіберу арқылы (оларға өздеріне тиесілі бағалы қағаздарын нақтылы ұстауға берген тұлғаларды олардың дербес шоттары бойынша операциялар жүргізуді тоқтата тұру туралы жазбаша ескерту міндетін жүктей отырып) бағалы қағаздардың нақтылы ұ с т а у ш ы л а р ы н ;

өздерінің трансфер-агенттерін (оларға олардың трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыруға қатысатын бөлімшелерінің үй-жайларында тиісті хабарламалар орналастыру міндетін жүктей отырып):

бағалы қағаздарды ұстаушылардың дербес шоттары бойынша операциялар жүргізу бөлігінде Шартты қолдануды тоқтата тұру туралы жазбаша ескертуге;

3) бағалы қағаздарды ұстаушылардың дербес шоттары бойынша операциялар жүргізу бөлігінде Шартты қолдануды тоқтата тұру туралы және тіркеушінің қолданған әрекеттері туралы Ұлттық комиссияға хабарлауға міндетті екендігі б е л г і л е н с і н .

4. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың дербес шоттары бойынша операциялар жүргізу бөлігінде Шартты қолдануды тоқтата тұрудың осы бағалы қағаздарды нақтылы ұстаушының олармен осы нақтылы ұстаушының клиенттерінің

арасында, сондай-ақ нақтылы ұстаушының және оның клиенттерінің арасында операциялар жүргізуді тоқтата тұруға әкеп соғатындығы белгіленсін. Бұл ретте нақтылы ұстаушы тиісті клиенттерді бағалы қағаздарды ұстаушылардың дербес шоттары бойынша операциялар жүргізу бөлігінде Шартты қолдануды тоқтата тұру туралы, сондай-ақ осы бағалы қағаздардың эмиссиясын Ұлттық комиссия Заңның 21-бабы 1-тармағының төртінші азатжолына және 24-бабының 5-тармағына сәйкес болмаған деп тану мүмкін екендігі туралы жазбаша ескертуі к е р е к .

5. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың дербес шоттары бойынша операциялар (оның ішінде бағалы қағаздарды эмитенттің эмиссиялық шотынан бағалы қағаздар ұстаушылардың дербес шотына аудару жөніндегі операциялар) жүргізу бөлігінде Шартты қолдануды жаңартуды эмитенттің бағалы қағаздарды шығарудың және орналастырудың қорытындылары туралы есепті Ұлттық комиссияға бергендігін растайтын құжаттардың негізінде тіркеушінің жүзеге асыратындығы белгіленсін. Бұл ретте тіркеуші Шартты қолдануды жаңарту туралы эмитентті, осы бағалы қағаздардың ұстаушыларын (оның ішінде осы бағалы қағаздардың нақтылы ұстаушыларын), өздерінің трансфер-агенттерін және Ұлттық комиссияны осы Қаулының 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларында белгіленген тәртіпте жазбаша ескерту керек.

6. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

7. Тіркеушілер осы Қаулы күшіне енгізілгеннен бастап алпыс күн ішінде өздерінің бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдеріне оларды осы Қаулымен белгіленген нормаларға сәйкес келтіру мақсатында өзгерістер мен толықтырулар енгізуге міндеттелсін.

8. Тіркеушілерге осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) олар қызмет көрсететін эмитенттердің назарына жеткізу жөніндегі міндет жүктелсін.

9. Ұлттық комиссия орталық аппаратының Лицензиялау және қадағалау б а с қ а р м м а с ы :

1) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және " Қазақстан Тізілім ұстаушылар қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің мүшелері болып табылмайтын ұйымдардың назарына жеткізсін;

2) осы Қаулыны (ол күшіне енгізілгеннен кейін) бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға ниет білдірген ұйымдардың назарына жеткізсін.

10. Осы Қаулының орындалысына бақылау жасау Ұлттық комиссия орталық

аппаратының корпоративтік қаржылар басқармасына және Лицензиялау және қадағалау басқармасына жүктелсін.

Ұлттық комиссияның Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК